

Қазақстан Республикасының
Әкімшілік Аймақтары

2021 ж. 18 01

Тіркеу нөмірі: 93-1904-12 ММ

БСН: 980340002432

Алғашқы: «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
1998 ж. 12 - 05.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

**«Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мекеме) заңды тұлға мәртебесіне ие, ұйымдастырушылық-құқықтық үлгідегі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру мақсатындағы коммерциялық емес коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Байғанин аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 21 желтоқсаны күнгі №235 санды қаулысы негізінде құрылды.

4. Ақтөбе облысының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) Мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғангин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады. Ақтөбе облысының әкімдігі атынан «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - Мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) болып табылады.

6. Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаражар орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мекеменің заңды мекенжайы: индексі: 030303, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округі, Қаражар ауылы, Орталық көшесі, 2А үйі.